

Тасқала аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-2 "2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 5 тамыздағы № 5-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 тамызда № 4522 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 10-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 27.01.2017 № 10-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, Тасқала аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 36-2 " 2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4229 тіркелген, 2016 жылы 28 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кірістер – 3 000 060 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 398 994 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 1 536 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 600 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 2 598 930 мың теңге;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шығындар – 3 109 851 мың теңге;"

6-тармақта:

1) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нысаналы трансферттер және бюджеттік кредиттер – 1 084 411 мың теңге, соның ішінде:"

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сондай-ақ оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемақы төлеуге – 512 036 мың теңге;"

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулықтарын зерттеу және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге – 9 255 мың теңге;"

он үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандық маңызы бар автокөлік жолдарын ағымдағы жөндеуге және күтіп ұстауға – 18 988 мың теңге;"

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу – 191 277 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы 2-Шежін ауылындағы Шежін жалпы орта білім беретін мектеп-балабақшасын күрделі жөндеуге – 36 321 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы он сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық бағдарламасы бойынша виртуалды білім беру кешенін пайдалануға қызмет ақысын төлеуге "iTest", "Bilimland", "iMektep" – 1 330 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы он тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"кәмелет жасқа толмағандар арасындағы суицидтың алдын алу жобасын жүзеге асыруға – 503 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы жиырмамыншы абзацпен толықтырылсын:

"Тасқала ауданының мектептерінде көптілдікті енгізуге – 3 434 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы жиырма бірінші абзацпен толықтырылсын:

"жалпы білім беретін мектептердің оқу процессіне "Роботтық техника" элективтік курсы енгізуге – 26 518 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы жиырма екінші абзацпен толықтырылсын:

"ауру мал иелеріне 50% өтеуге – 65 126 мың теңге;"

мынадай мазмұндағы жиырма үшінші абзацпен толықтырылсын:

"анықталмаған сiбір жарасы көмiндiлерi орындарын анықтауға және зертханалық зерттеулер жүргізуге – 8 600 мың теңге."

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Тасқала аудандық мәслихаты аппараты басшысының міндетін атқарушы (Б

. Бисалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Ә. Сәрсенбаев

С. Рахимов

Аудандық мәслихаттың
2016 жылғы 5 тамыздағы
№ 5-1 шешіміне
қосымша

Аудандық мәслихаттың
2015 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 36-2 шешіміне
1-қосымша

2016 жылға арналған аудандық бюджет

(мың теңге)

Санаты					Сомасы
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				1) Кірістер	3 000 060
1				Салықтық түсімдер	398 994
	01			Табыс салығы	111 672
		2		Жеке табыс салығы	111 672
			03	Әлеуметтік салық	100 923
		1		Әлеуметтік салық	100 923
			04	Меншікке салынатын салықтар	179 678
		1		Мүлікке салынатын салықтар	161 779
			3	Жер салығы	1 005
			4	Көлік құралдарына салынатын салық	14 611
			5	Бірыңғай жер салығы	2 283
			05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	4 901
		2		Акциздер	1 319
			3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	523
			4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 059
			08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 820
			1	Мемлекеттік баж	1 820

2				Салықтық емес түсімдер	1 536
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 236
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 236
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	300
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	300
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	600
	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	600
		1		Жерді сату	600
4				Трансферттердің түсімдері	2 598 930
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 598 930
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 598 930
Функционалдық топ					
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					Сомасы
Бюджеттік бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	3 109 851
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	292 194
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	229 518
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 670
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 530
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	140
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	81 020
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	74 816
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 204
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	132 828
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	130 119
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 709
	2			Қаржылық қызмет	1 094
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 094
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	425
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	669
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	61 582
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15 248

		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 248
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	46 334
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 918
		015 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24 416
02		Қорғаныс	7 062
	1	Әскери мұқтаждар	2 073
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 073
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 073
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	4 989
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4 989
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4 186
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	803
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	3 110
	9	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	3 110
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 110
		021 Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	3 110
04		Білім беру	1 713 163
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	131 577
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	131 577
		009 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	122 522
		040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	9 055
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1 470 973
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	43 127
		017 Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	43 127
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 427 846
		003 Жалпы білім беру	1 347 428
		006 Балаларға қосымша білім беру	80 418
	9	Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	110 613
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	110 613
		001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 273
		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін	

		005	оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	20 239
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	158
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	3 319
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	12 490
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	66 134
05			Денсаулық сақтау	354
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	354
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	354
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	354
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	148 925
1			Әлеуметтік қамсыздандыру	28 505
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	21 038
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 147
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	13 670
		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	3 221
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7 467
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	7 467
2			Әлеуметтік көмек	94 743
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	94 743
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	28 109
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	868
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	11 441
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	981
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	38 796
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	11 317
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	3 231
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	25 677
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	25 477
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 921
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	556

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы , жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	200
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	200
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	102 925
1		Тұрғын үй шаруашылығы	55 555
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 407
	007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	3 407
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы , жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	15 827
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақтаулуын ұйымдастыру	5 000
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	10 827
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	36 321
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	36 321
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	0
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	0
2		Коммуналдық шаруашылық	22 036
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	12 837
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	12 837
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы , жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 199
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	9 199
3		Елді-мекендерді көркейту	25 334
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	25 334
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	15 553
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	479
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9 302
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	326 460
1		Мәдениет саласындағы қызмет	174 654
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	174 654
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	174 654
2		Спорт	4 514
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	4 514
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 701
	010	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1 813

3		Ақпараттық кеңістік	94 262
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	8 730
		002 Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8 730
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	85 532
		006 Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	84 772
		007 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	760
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	53 030
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	39 308
		001 Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 114
		003 Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	19 944
		006 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 250
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	13 722
		001 Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 722
		014 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 000
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	164 355
	1	Ауыл шаруашылығы	116 426
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 455
		099 Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	15 455
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	14 048
		001 Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 048
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	86 923
		001 Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 806
		005 Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	8 600
		006 Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	560
		007 Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 141
		008 Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	66 466
		010 Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1 350
6		Жер қатынастары	11 548
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11 548
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 548
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	36 381
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	36 381
		011 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	36 381
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12 226

2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12 226
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	12 226
	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12 226
12		Көлік және коммуникация	298 841
	1	Автомобиль көлігі	297 641
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 290
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	9 290
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	288 351
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	82 074
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	206 277
9		Көлік және коммуникациялар саласындағы басқа да қызметтер	1 200
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 200
	037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	1 200
13		Басқалар	31 268
	3	Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	9 555
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 555
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 555
9		Басқалар	21 713
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	15 691
	040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	15 691
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 022
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	6 022
14		Борышқа қызмет көрсету	32
	1	Борышқа қызмет көрсету	32
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	32
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	32
15		Трансферттер	8 936
	1	Трансферттер	8 936
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8 936
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	136
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	8 800
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	25 583

		Бюджеттік кредиттер	49 334
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	49 334
	1	Ауыл шаруашылығы	49 334
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	49 334
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	49 334
Санаты			
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Ерекшелігі			
Атауы			
Бюджеттік кредиттерді өтеу			
			23 751
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	23 751
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	23 751
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	23 751
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Функционалдық топ			
Функционалдық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бюджеттік бағдарлама			
Атауы			
Қаржы активтерін сатып алу			
			0
13		Басқалар	0
	9	Басқалар	0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
Санаты			
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
Ерекшелігі			
Атауы			
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер			
			0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-135 374
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	135 374
		Қарыздар түсімі	49 334
		Қарыздарды өтеу	-25 363
		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	111 403

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК